



Абайдың
мемлекеттік тарихи-өлең
және әдеби-историкалық
қорық-мұражайы

Абайдың мемлекеттік
қорық-мұражайы

ББК 79. 1л 6
А 13

А 13 Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы.
Астана: Елорда, 2005. — 20 бет.

ISBN 9965-06-402-4

А $\frac{1502010700}{450(05) — 05}$

ББК 79. 1л 6

ISBN 9965-06-402-4


Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі




Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени
және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы

Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы

«Елорда»
Астана — 2005



АБАЙДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ ҚОРЫҚ-МҰРАЖАЙЫ



Мүсінші Д.Элбакидзе. Абай.
Скульптор Д.Элбакидзе. Абай.

Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы ұлы ақынның туғанына 95 жыл толу мерекесінің қарсаңында Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1940 жылғы 1 сәуірдегі қаулысы бойынша ұйымдастырылып, сол жылы қазан айының 16-күні мереке үстінде ашылды.

1940-1944 жылдары мұражай Бекбай Байсовтың үйінде (Абай көшесі 83, қазіргі Жамақаев көшесі), 1944-1967 жылдары Әнияр Молдабаевтың үйінде (Комиссар көшесі 132, қазіргі Бөгенбай батыр көшесі) орналасып жұмыс істеді.

1947-1951 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясының құрамына кірді.

1990 жылғы 5 сәуірдегі №141 Қаз.ССР Министрлер Кеңесінің Қаулысы бойынша ақынның әдеби-мемориалдық мұражайы Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы болып құрылды.

Қорық-мұражайдың құрамына қалалық кешен, Бөрілідегі М.Әуезовтің мұражай-үйі, Жидебайдағы Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы, 6400 га қорық аймағына кіретін 16 тарихи орындар, Абай ауданы Құндызды ауылындағы Халық ақыны Шәкір Әбеновтың мұражайы және Мақаншыдағы Әсет Найманбаевтың мұражайы кіреді.

Қалалық кешенге Ленин көшесі, 12 үйде орналасқан көпес Роман Ершовтың үйі, 1995 жылы салынған жаңа ғимарат, 1993 жылы кешен аймағына көшірілген Ахмет-Ризаның медресесі мен мешіті, мұражайдың әкімшілік үйі, сонымен бірге Бөгенбай батыр көшесіндегі 132 үйде орналасқан «Алаш арыстары және М.Әуезов» мұражайы кіреді.

«Абай және оның дәуірі»

Бөлімнің экспозициясы ақын өмірін сол кездегі заман ағымымен тығыз байланыста көрсетеді.

Көптеген мұрағаттық материалдар, фотосуреттер, Қазақстанның өткен ғасырдағы қоғамдық саяси құрылысынан біршама мағлұмат береді.

Мәскеудің, Омбының және т.б. мемлекеттік мұрағатынан табылған құжаттар Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбаевтың қоғамдық қызметімен және Абайдың оқуы мен алған білімі туралы мәліметтермен таныстырады.

Естеліктер мен суретші Е.М.Сидоркиннің гравюралары ақынның аяулы әжесі Зеренің, анасы Ұлжанның бейнелерін көрсетеді.

Абай Семей қаласымен тығыз байланыста болған, сондықтан Семей қаласы туралы, ақын болған жерлер, түскен үйлер туралы толық мағлұмат берілген.

Бұл бөлімде Абайдың қоғамдық қызметін көрсетуге баса назар аударылған. Абайдың өзі қол қойған құжаттар, ақынның күміс қалта сағаты, балаларымен 1896 жылы түскен фотосурет мұражайдың құнды экспонаттары болып саналады.

Сөрелерге қойылған қобыз, сыбызғы, айбалта, ері т.б. этнографиялық экспонаттарды ақын 1885 ж. Н.Долгополов арқылы өлкетану мұражайына тапсырған.

Үлкен орын алған «Ұлылар мекені» атты картада Абай, Шәкәрім, Мұхтардың өміріне қатысты жерлер көрсетілген.

“Бейнелеу өнеріндегі Абай тақырыбы”

«Бейнелеу өнеріндегі Абай тақырыбы» залында кескіндеме, графика, мүсіндеме шеберлерінің әр уақыттағы жұмыстары жиналған.

Суретші Н.И.Крутильниковтың «Абай өлең жазу үстінде» (1927ж.) еңбегі осы тақырыптағы бейнелеу өнерінің алғашқы туындысы.

Қазақстанның еңбек сіңген өнер қайраткері И.Н. Исабаевтың «Айтыс» кітабына және «Абай» өлеңдер жинағына жасаған иллюстрациялар, қолданбалы графика шебері, Қазақстанның еңбек сіңген өнер қайраткері Е.М.Сидоркиннің «Абай жолы» романы бойынша жасаған жұмыстары бір төбе.

Өзінің шығармашылығының әр кезеңдерінде ұлы ақынның бейнесін жасаған, ақынның туып өскен жерін жырлаған қазақтың жаңа бейнелеу өнерінің негізін салушы Ә.Қастеевтің шығармаларының экспозициядан алатын орны ерекше.

Қазақстанның суретшілері К.Шаяхметов, Ж.Шарденов, М.Калимов, А.Ғалымбаева, Г.Исмаилова, Ү.Әжиев, М.Әлиакпаров, О.Кужеленко, Г.А., А.П. Аткиндердің, М. Кенбаев, Ә.Рахманов, С.Романның туындылары да Абай өмірінің тақырыбына арналған.

Осы тақырып бойынша салынған жергілікті суретшілер Н.Өтепбаев, Т.Байғалиев, Н.Егоров, М.Беляев, Т.Кузнецовалардың суреттері де қойылған.

Мүсіншілер Х.Наурызбаев, З.Береговая, Е.Сергебаев, В.Чикиннің жұмыстары кең орын алған.



Ә.Молдабаевтың үйіндегі Абай бөлмесінің жиһаздары
Мебель из комнаты Абая в доме А.Молдабаева



“Абай шығармашылығының қайнар бұлақтары” бөлімі
Зал “Истоки творчества Абая”

“Қайнар бұлақтар”

“... Ұлттық және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан ақынның творчестволық ісіне рухани азық болды... Оның біріншісі - қазақтың бағзы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы.

Екінші арна — шығыс әдебиетінің тамаша мұрасы.

Үшінші арна — орыс әдебиеті, Европа мәдениеті..!”

М.Әуезовтың осы сөздері мұражайдың «Абай шығармашылығының қайнар бұлақтары» атты тарауын ашады.

Қазақ ауыз әдебиетінің інжу-маржандарың, ақындық сөздің көркемдігін Абай «Шортанбай», «Ер Тарғын» қиссалары, «Еңлік Кебек», «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу», «Қамбар батыр» сияқты эпостардың тілі арқылы бағалады.

Келесі қайнар бұлақ — шығыс әдебиеті экспозицияда Низами, Фирдоуси, Науаи, Сағди, әл-Фараби шығармалары арқылы көрсетілген.

Абай орыс әдебиетін ерекше бағалаған. А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтың, Н.А.Крылов пен Л.Н.Толстойдың, М.Е.Салтыков-Шедрин мен В.Г.Белинскийдің, Н.Г. Чернышевский мен Н.А. Добролюбовтың шығармалары ақын үшін тек қана көркем шеберліктің емес, сонымен қатар өмір мектебі де болды.

А.С. Пушкин мен М.Ю. Лермонтов аудармалары арқылы Абай өз халқын әлем әдебиетінің классиктері И.В.Гете, Д.Г.Байрон, Ф.Шиллер, А.Мицкевич шығармаларымен таныстырды.

Осы бөлімнен Г.Спенсер, Г.Бокльдің, Плутархтың, Спиронза, Дарвин, Аристотель, Сократтың шығармалары орын алған.

“Жаз” бөлімі

Экспозицияның бұл бөлімі Абай Құнанбаевтың 1886 жылы жазған «Жаз» өлеңіне арналған. Бұл өлең ақын ауылы Шыңғыстау бөктеріндегі Бақанас өзенінің бойына жайлауға қонып жатқан көрініс әсерінен жазылған. XIX ғасырдағы қазақ тұрмысына тән табиғат пен тіршіліктің тамаша тұтастығын көрсететін бұл өлең 1889 жылы Көкбай Жанатайұлының атымен «Дала уалаяты» газетіне басылды.

1914 жылы «Жаз» өлеңін Сатылған Сабатаев орыс тіліне прозамен аударды.

Барлық тұрмыстық және этнографиялық заттармен толық жабдықталған алты қанатты үй, үлкен кескінделген панорама көрермендерді Абай заманымен, Бақанас жайлауындағы Абай ауылымен таныстырады.

Залдан әйелдер мен ерлер киімдері, әшекей заттары, ат әбзелдері, құралдары орын алған.

“Абайдың шығармашылығы”

Абай Құнанбаев — қазақтың ұлы ойшыл ақыны, қазақтың жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы. Қазақ әдебиеті тарихындағы жаңа кезең оның есімімен тығыз байланысты. Абай қазақ поэзиясын нақтылы өнер шыңына көтерді, тақырыбын кеңейтіп, көркемдік құрылымын байытты, тіл шеберлігін жетілдіріп, жаңа жанр тудырды.

Абай лирикасы сан қырлы. Экспозицияда табиғат лирикасы, философиялық лирика, көңіл - күй лирикасы берілген.

Абайдың көңіл-күй лирикасы кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашып, адам жанының құбылысын көрсетеді.

Абайдың жыл мезгілдері туралы өлеңдері табиғат лирикасына жол ашты.

Абай өлеңдерінде өмір мен өлім, махаббат пен зұлымдық, ар-ождан, адамшылық, парыз туралы мүлде жаңаша айтылады. Абай шығармашылығы тұтастай жер бетінде адамгершілікті, адам бойындағы асыл қасиеттерді дәріптеуге негізделген. «Қара сөздері» ақынның өмір өткелдері туралы терең ой-толғаулары, Абайдың көзі тірі кезінде «Дала уалаяты» газетінде басылған өлеңдері, «Қазақтың қайдан шыққандығы жөнінде бірер сөз», Абайдың 1909, 1922, 1933 жылдарда басылған өлең жинақтары ерекше бағаланады.

“Абайдың аудармалары”

Абайдың әдеби мұрасында аудармаға ерекше орын берілген.

Абайдың шебер аудармалары А.С.Пушкин, М.Ю. Лермонтов поэзиясының көркемдігін, терең сыр, үлкен ойларын жеткізді. И.А.Крыловтың халықтық өткір мысқыл, ұста сатирасының түсінікті болуына жол ашты.

Абай Пушкиннен «Евгений Онегинді» аударғанда қазақ даласында кең тараған жастар арасындағы хат жазысу әдісін қолданған.


Абай М.Ю.Лермонтов шығармаларын шынайы сүйіспеншілікпен, үлкен ыждаһаттылықпен аударады. Олардың ішінде «Қанжар», «Жолға шықтым», «Теректің сыйы», «Жалғыз жаяу», «Мұңлы шайтан», «Демоннан» үзінділері күні бүгінге дейін ешбір теңдесі жоқ аудармалар.

Лермонтов арқылы Абай қазақ даласын Гете, Шиллер, Байронның мәңгі өлмес туындыларымен таныстырды.

Гетенің «Жолаушының түнгі жыры», Лермонтовтың «Тау шыңдары», Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдерінің үндестігі әлемдік әдебиеттегі ғажайып құбылыс болып саналады. Ильменаудағы Гете мұражайынан белгілі



“Масғұт” және “Әзім әңгімесі” залынан
Вид из зала “Поэмы Абая”



“Абай шығармашылығы” залынан
Из зала “Творчество Абая”

жазушы Қалмұқан Исабаев арқылы тарту ретінде қабылданған заттар бөлмеден өздерінің лайықты орындарын алған.

Абай А.Мицкевич, А.Дельвиг, И.Бунин, И.Крылов, Я.Полонскийлерден тамаша аудармалар жасаған.

Көп өлеңдеріне Абай өзі ән шығарған.

Экспозицияға А.Бимбоэс, А.Затаевич, Б.Ерзакович, А. Жұбановтар жазып алған Абай әндері, «Май түні», «Торжорға» күйлері, Абайдың музыкалық мұрасы жөніндегі өнер зерттеушілердің мақалалары қойылған.

«Әзім әңгімесі» мен «Масғұт» поэмалары

Абайдың шығыс әдебиеті сарынымен жазылған туындылары.

«Әзім әңгімесі» Абайдың «Мың бір түн» ертегісіндегі «Хасан зергер туралы әңгіменің» желісіне негізделіп жазылған алғашқы туындыларының бірі болып саналады.

«Масғұт» поэмасы «Мың бір түн» ертегісінің бір сюжетіне негізделініп құрылған. И.С.Тургеневтің «Шығыс аңызы» атты қысқа әңгімесімен тығыз байланысты. И.С.Тургенев Шығыс аңызында әдеби өңдеу ғана жасаса, Абай жас Масғұттың бейнесі арқылы өз кезіндегі қоғамдық өмірмен ұштастыра отырып, өзінің көңіл күйімен байланыстырған.

Поэманың кейіпкері Масғұт өзінің ақылдылығымен халыққа танылып, халифке уәзір болады. Жаңбыр жауып бәрі ақыл-есінен айрылған халқынан қауіптенген патша, уәзірінен ақыл-кеңес сұрап, соның ақылымен екеуі «Жынды судан» ішіп ажалдан құтылады.

Бұл шығармасы арқылы ақын өз заманының ащы шындығын ашып береді.

Ақынның негізгі мақсаты өзі өмір сүріп отырған замандағы халқының жүрегінен жылы жол тауып, көкірегін оятуы ең басты ойы болған.

Бұл залда «Мың бір түн» ертегісі, И.С. Тургеневтің «Шығыс аңызы» атты қысқа әңгімесі, Абайдың «Әзім әңгімесі» мен «Масғұт» поэмасы қойылған. Бұл бөлім осы поэмалар тақырыбы бойынша салынған суреттермен, Шығыс желісімен жасалынған батикпен безендірілген.

Абайдың «Ескендір» поэмасы

Абайдың «Ескендір» поэмасы Шығыс әдебиетіне жаңа желіс енгізген Ескендір тақырыбына арналған шығарма.

А.Македонский атына байланысты Фирдаусидің «Шахнамасы», Низамидің «Искиндир намасы», Науаидың «Ескендірдің қорғаны», Әмір Хысрау Дехлевидің «Ескендір айнасы», Ә.Жәмидің «Ескендірдің даналық кітабы» сынды көркем шығармалары бар.

Қазақтың фольклоры мен әдебиеті де әлемдік әдебиеттен шет қалған жоқ. Шығыс аңызында өлмейтін суды іздеп тапқан Ескендір бейнесі жасалса, қазақтың фольклоры мен жазба әдебиетінде Ескендірге сын көзбен қарау басымырақ. Поэмада ақын Ескендірдің нақты тарихи бейнесіне тоқталып, оның ашкөз, қомағай тойымсыздығымен бүкіл әлемді өзінің қол астына бағындыруды мақсат еткенін көрсеткен.

Жазықсыз елді орынсыз жаулап алып, байыған үстіне байығанды көздеген Ескендірге данышпан Аристотельді қарсы қояды.

Экспозицияда шығыс ақындары:

Фирдауси, Низами, Науаи, Жәмилердің Ескендір тақырыбына жазылған шығармалары, Абайдың «Ескендір» поэмасы орын алған.

Көне грек сарынында жасалған батик пен қабырғада поэма тақырыбы бойынша салынған сурет экспозицияда үйлесім тапқан.

“Тақырыптық көрмелер” бөлімі

Қазақстанның рухани өмірінде Семей қаласының алатын орны ерекше. Бұл қаламен Абай, Шәкәрім, Мұхтар есімдерімен бірге 1917 жылы Алаш мемлекетін құрған А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ж.Аймауытов, М.Дулатовтардың есімдері байланысты.

Алаш өкіметінің қызметіне Шәкәрім, Турағұл Абайұлы, Мұхтар Әуезов те араласқан.

Қаланың Жаңасемей бөлігі Алаш деп аталатын. Алаш өкіметінің үйі осы жақта болған.

Көрмеден орын алған жиһаздар XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басындағы Семей қаласының тұрғындарының өмірі мен тұрмысын көрсетуді мақсат етеді.


Үй жиһаздарымен бірге қойылған күміс ыдыс-аяқ, Кузнецов фабрикасының ыдыстары, қытай вазалары әдемі үйлесім тапқан.

Семей қаласының ертедегі көріністері бар суреттер және семейлік суретшілер М.М.Беляев пен Н.Г.Егоровтың қала өмірімен байланысты туындылары орын алған.

Бұл бөлімде уақытша тақырыптық көрмелер ұйымдастырылып тұрады.



Скульптор Б.Тулеков. Абай.



Аудиовизуалдық қондырғы орналасқан зал
Зал аудиовизуальной установки

“Сыйлықтар” бөлімі

Абайдың 150 жылдық мерекесі күндері Қазақстан облыстарының делегациялары, Өзбекстан, Түркиядан келген қонақтар, Германиядағы қазақ диаспорасының өкілдері мұражайға әр түрлі сыйлықтар, Алаша хан мен Жошы ханның кесенелерінің макеттерін тапсырды. Залда Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың, Қырғызстан, Иран Президенттерінің сыйлықтары қойылған. Экспозицияда «Зерде кітабы» ерекше орын алады. Кітап Германияның Нюрнберг қаласындағы «Оуверсис Поуст Организейшн» баспасында тойға арнап шығарылған. Түптелген қағазды арнаулы технологиямен құйған, сүйегіне түрлі металл ұнтақтарын қосқандықтан оның парақтары талай ғасырға бүлінбей сақталады, кітаптың аумағы 64x85 см, салмағы 58 кг, ішіне 200 парақ түптелген. «Зерде кітабына» ең алғашқы қолтаңбаны Н.Назарбаев жазған-ды:

«Абайдың сөзі — қазақтың бой тұмары.

Абайдың мұрасы — қазақтың ең қасиетті қазынасы.

Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін, қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді.

Абайдай данышпан перзентті дүниеге әкелген қазақ халқы ата-бабаларының арманы болып келген ел тәуелсіздігін көзінің қарашығындай сақтайтынына, қорғайтынына сенемін. Ылайым, халқымыз Абай армандаған өмірге жетсін деп тілеймін!..

Қазақ елінің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев»

“Абайдың ақындық-өнер айналасы”

«Шәкіртсіз хакім — тұл», — деп Абай жанына өзінің көзқарастарын бөлісетін жастарды жинауға көп көңіл бөлетін. Ақынның айналасына әдебиет пен өнерді сүйген дарынды жастар жиналды. Олардың ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлының орны бөлек.

Ақын, ойшыл, Абай дәстүрін жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық қызметі мен көп жылдар бойы ауызға алынбай келген әдеби мұрасы осы бөлімде көрсетілген. Шәкәрімнің әдеби мұрасы лирикалық шығармалар мен поэмалардан, философиялық еңбектер мен аудармалардан, музыкалық шығармалардан тұрады. Ақынның көзі тірісінде жарық көрген басылымдары айырықша көрсетілген.

Абайдың ақын шәкірттері: Ақылбай Құнанбаев, Мағауия Құнанбаев, Көкбай Жанатаев, Әсет Найманбаев, Турағұл Ибрагимов, Уәйіс Шондыбаев және тағы басқа ақын жазушылардың шығармашылығы экспозиция залынан өздерінің лайықты орнын алған.

“Абайтану” бөлімі

«Абайтану» бөлімі ұлы-ойшыл ақын Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеуге арналған.

1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде Әлихан Бөкейханов жариялаған азанама Абайдың тұңғыш ғылыми ғұмырнамасы болып саналады. Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толуына арнап Нәзипа Құлжанова өткізген әдеби-сауық кешінің концерттік бағдарламасы ақынның мұрасын зерттеуде өз орнын тапты.

1909 жылы Санкт-Петербургте Кәкітай Ысқақов бастырып шығарған Абайдың өлеңдер жинағы, 1933 жылы Қызылордада басылып шыққан «Абайдың толық шығармалары» жинағы да жаңа экспозициядан өздерінің лайықты орындарын алған.

Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатов, Ыдырыс Мұстамбаев, С.Торайғыровтардың мақалалары Абай мұрасын оқып-зерттеуге қомақты үлес қосты.

Абайтанудың екінші бөлігі абайтану ілімінің негізін салушы ұлы жазушы академик, Лениндік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Омарханұлы Әуезовке арналған.

Турникеттерге абайтанушы ғалымдар, Абай шығармаларын аударушылар туралы анықтамалар берілген.


“Абай халық жүрегінде”

«Ақын жолы халық жолымен қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім жоқ» — деген М.О.Әуезов. Қазақ халқы Абайды қазақ әдебиетін өнердің биік шыңдарына жеткізген ұлы ақын, ойшыл ретінде бағалап, пір тұтады.

Оған куә — Абайды есте қалдыру жайлы өкіметтің (1940, 1945, 1954, 1961, 1966 жж.) қаулылары мен құжаттары, ақынның 95 жылдық, 100 жылдық, 125 жылдық, 150 жылдық мерейтойларына, дүниеден өткеніне 50 жыл болғандағы еске алу күндері туралы баспасөз материалдары мен фотосуреттер.

Абай образы театрда, опера мен кинода сомдалуы жайлы деректер — арнайы бір бөлімде.

Ұлы ақынның ұрпақтары мен әдебиет саласындағы Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаттарымен турникет материалдары таныстырады.



“Шәкәрім шығармашылығы” залы
Зал “Творчество Шакарима”

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ И ЛИТЕРАТУРНО-МЕМОРИАЛЬНЫЙ ЗАПОВЕДНИК-МУЗЕЙ АБАЯ

Литературно-мемориальный музей Абая в Семипалатинске был создан Постановлением Совнаркома КазССР от 1 апреля 1940 г. Его открытие состоялось 16 октября 1940 г. в дни празднования 95-летия со дня рождения поэта.

С 1940—1944 гг. музей размещался по улице Абая, 83 (ныне ул. Жамакаева) в доме Бекбая Баисова, с 1944—1967 гг. в доме Анияра Молдабаева по улице Комиссарская, 132 (ныне Богенбай батыра). В этих домах Абай останавливался во время приездов в Семипалатинск.

В 1947—1951 гг. музей входил в состав АН КазССР.

Постановлением Совета Министров КазССР от 5 апреля 1990 г. №141 Литературно-мемориальный музей Абая был реорганизован в Государственный историко-культурный и литературно-мемориальный заповедник-музей Абая. В его состав входят: городской комплекс, литературный музей М. Ауэзова в Борили, дом-музей Абая в Жидебае, заповедная зона площадью 6400 га, включающая в свой состав 16 исторических памятников, музей-мечеть Кокбая Жанатаева в местности Такыр, музей Шакира Абенова в с. Кундызды Абайского района, а также музей Асета Найманбаева в с. Маканчи Уржарского района.

В городской комплекс входят: дом купца Романа Ершова по ул. Ленина, 12, новая пристройка, медресе, мечеть Ахмета-Ризы, перенесенная на территорию музея, административное здание, а также музей «Алаш арыстары — М. Ауэзов» по ул. Богенбай батыра, 132.

“Абай и его эпоха”

Жизненному пути великого казахского поэта Абая Кунанбаева в неразрывной связи с его эпохой посвящена экспозиция первого раздела.

Многие архивные материалы, фотоснимки, документы воссоздают социально-экономическое и общественно-политическое устройство Казахстана прошлой эпохи, а также знакомят с представителями общественной и культурной жизни степи, которых Абай знал и с которыми встречался.

Ряд архивных материалов, гравюры художников раскрывают жизненную биографию и общественную деятельность отца Абая - Кунанбая Ускенбаева, воссоздают образы матери Улжан и бабушки Зере, рассказывают об учебе Абая.

Большое место в зале отведено показу общественной и культурно-просветительской деятельности Абая. Так, в Семипалатинске он встречался со своими русскими друзьями, политическими ссыльными, посещал библиотеку, выписывал для себя книги.

В Семипалатинске Абай чаще всего останавливался в доме А.Молдабаева, где имел свою комнату. Шкаф для книг, стол, стул, зеркало, часы выставлены в зале как предметы из комнаты Абая в доме А.Молдабаева.

Ценны своей уникальностью несколько экспонатов: документы с подписью Абая, серебряные часы поэта, фотография Абая с сыновьями, снятая в Семипалатинске в 1896 году.

Витрины зала экспонируют предметы прикладного искусства, среди них переданные лично Абаем в краеведческий музей: седло, кобыз, торсык, ет табак и другие.

На карте «Ұлылар мекені» («Родина великих») отмечены места, связанные с жизнью и творчеством не только Абая, но и Шакарима Кудайбердиева и Мухтара Ауэзова.

“Абай в изобразительном искусстве”

В зале «Абай в изобразительном искусстве» собраны коллекции картин живописи, графики и скульптуры мастеров минувших лет и наших современников.

Работа художника Н.И.Крутильников «Абай пишет стихи» (1924) является первым обращением к образу Абая профессиональных художников. Здесь же представлены иллюстрации заслуженного деятеля искусств И.Н.Исабаева к книге «Айтыс» и к сборнику «Абай». Удивительно по доброте, мягкости и лиризму наполнены работы художника-графика, заслуженного деятеля искусств Е.М.Сидоркина, написанные по роману «Путь Абая».

Большое место в зале занимают пейзажные работы народного художника А.Кастеева, посвященные памятным местам Абая.


Этой же теме посвятил целую серию работ ректор Карагандинского мединститута М.Алиакпаров, художник Т.Байгалиев.

В зале представлены работы известных художников: К.М.Шаяхметова, Ж.Шарденова, М.Т.Калимова, А.Галымбаевой, Г.Исмаиловой, У. Ажиева, Т.Кузнецовой, Н. Утепбаева, которые в разные годы обращались к образу Абая, его современникам, местам, где жил и творил великий поэт.

В зале устраиваются выставки работ художников г. Семипалатинска.



“Үндестік”.
“Созвучие”. Гобелен. Ш.Кожыханов



“Жаз” залындағы киіз үй.
Юрта в зале “Лето”.

“Истоки творчества Абая”

«Три великих источника питают своими соками корни творчества мудрого поэта. Один из них - древнеказахская литература, запечатленная в устных и письменных памятниках прошлого, созданная самим народом.

Другой источник - это великие произведения восточной культуры.

Третий источник - это русская (а через нее и западно-европейская) культура».

Жемчужину казахского народного творчества, удивительную красоту поэтического слова Абай познал через произведения казахского эпоса: «Шортанбай», «Ер-Таргын», «Енлик-Кебек», «Козы Корпеш-Баян Сулу», «Камбар-батыр».

Другой источник - восточная классическая литература, представленная произведениями Низами, Фирдоуси, Навои, Саади, аль-Фараби.

Абай был страстным почитателем русских писателей. Произведения А.С.Пушкина, М.Ю.Лермонтова, И.А.Крылова, Л.Н. Толстого, М.Е.Салтыкова-Щедрина, В.Г.Белинского, Н.Г.Чернышевского, Н.А. Добролюбова стали для Абая школой не только художественного мастерства, но и жизни, не только эстетическим, но и этическим кодексом.

Через переводы Пушкина и Лермонтова Абай познакомил свой народ с произведениями классиков мировой литературы: В.Гете, Г.Байрона, Ф.Шиллера, А.Мицкевича.

В этом же разделе экспонируются произведения философов Герберта Спенсера, Генри Бокля, Плутарха, Дрэпера, Милля, Спинозы.

Зал “Лето”

Отдельный раздел экспозиции посвящен стихотворению Абая Кунанбаева «Лето», написанному им в 1886 г. под впечатлением перекочевки аула поэта на джайляу. Живое созерцание природы вылилось в образы, типически представляющие один из характерных моментов казахского быта XIX века. Это стихотворение было впервые напечатано в 1889 году в «Особом прибавлении» к «Акмолинским областным ведомостям» под именем Кокбая Жантаева.

В 1914 году Сатылган Сабатаев перевел стихотворение «Лето» на русский язык в прозе.

Большая живописная панорама, шестиканатная юрта со всеми предметами быта и этнографии знакомят посетителей с эпохой Абая, с его аулом на джайляу Баканас.

В витринах экспонируются женская и мужская одежда, украшения, седло, сбруя.

“Творчество Абая”

Абай Кунанбаев - гениальный казахский поэт, мыслитель, основоположник новой казахской письменной литературы и казахского литературного языка. С его именем связан качественно новый этап в истории казахской литературы. Абай поднял казахскую поэзию до высот подлинного искусства, расширил тематику, обогатил образную систему, создал новые жанры.

Лирика Абая многогранна. В экспозиции представлена философская, интимная лирика, стихи о роли и назначении поэзии, восьмистишия.

Интимная лирика Абая раскрывает внутренний мир героев, передает движение человеческой души.

Стихи Абая о временах года положили начало пейзажной лирике. В них поражает умение выделить характерное в природе и быту людей, точность видения и ясность восприятия мира.

В стихах Абая совершенно по-новому говорится о жизни и смерти, любви и ненависти, чести и совести, человеческом долге. Через все творчество Абая проходит идея гуманизма, утверждение человечности на земле. «Слова назиданий» в прозе - это раздумья поэта о многообразных сторонах жизни.

В зале представлены различные издания произведений поэта. Особую ценность представляют прижизненные публикации стихов Абая в газете «Дала уалаяты», рукопись Абая «Несколько слов о происхождении казахов», издания произведений Абая 1909, 1922, 1933 гг.

“Переводы Абая”

В литературном наследии Абая значительное место занимают переводы.


Перу Абая принадлежат переводы из «Евгения Онегина» Пушкина. Абай использовал широко распространенную в степи форму писем-посланий. В переводе «Евгений Онегин» принял форму эпистолярного романа.

С большой тщательностью и любовью переводил Абай стихи Лермонтова: «Кинжал», «Выхожу один я на дорогу», «Дары Терека», «Парус», отрывки из «Демона». Они до сих пор остаются непревзойденными по мастерству переводов русских классиков на казахский язык.

Через лермонтовские переводы Абай познакомил читателей с бессмертными творениями Гете, Шиллера, Байрона.



“Абайдың ақындық және өнер айналасы” залы.
Зал “Поэтическое окружение Абая”



Абайдың пәуескесі.
Повозка Абая

Уникальным явлением в мировой литературе является поэтическая ниточка: Гете «Ночная песня странника», Лермонтов «Горные вершины», Абай «Қараңғы түнде тау қалғып». Теме созвучия посвящен один из разделов зала, где представлены предметы, полученные в дар от музея Гете в Ильменау. Это - камень с изображением папоротника из коллекции Гете-инженера, литография охотничьего домика Гете в Ильменау, на стене которого в 1780 г. поэт написал свою миниатюру «Ночная песня странника», облетевшую весь мир.

Абаю принадлежат переводы А.Мицкевича, А. Дельвига, И.Бунина, Я.Полонского. Переводя И.Крылова, Абай нередко изменял дидактическую часть басен, вводил более близкие сентенции. Ко многим стихам, а также переводам Абай сочинял мелодии.

В экспозиции представлены песни Абая в записи А.Бимбоэса, А.Затаевича, В.Ерзаковича, А.Жубанова, а также статьи искусствоведов о музыкальном наследии Абая.

Поэмы «Сказание об Азиме» и «Масгуд»

По мотивам восточной литературы написаны поэмы Абая «Сказание об Азиме» и «Масгуд».

В основу поэмы «Сказание об «Азиме» положена «Сказка о Хасане Бассрийском» из «Тысячи и одной ночи». Это поучительная история приключений молодого ремесленника-ювелира, едва не лишившегося жизни из-за своей доверчивости и любопытства. «Сказание об Азиме» Абая представляет собой одно из первых в восточной литературе поэтических произведений на сюжет из «Тысячи и одной ночи».

В поэме «Масгуд» Абай критически переосмысливает тему о Халифе и его мудром визире. Поэма перекликается с «Восточной легендой» И.С.Тургенева. Если Тургенев дает лишь литературную обработку известной восточной легенды, то Абай, повествуя о судьбе юноши Масгуда, раскрывает и свое отношение к жизни. Герой поэмы Масгуд в свое время был избран визирем, и народ его почитал. Но когда пролился вредоносный поток, люди испившие этой воды, обезумели. Из боязни, что обезумевший народ может лишить их жизни, визирь и Халиф «безумие разделили с толпой».

Восточная сказка о зловредном дожде служит поэту средством раскрытия перед современниками горькой правды. Считавшиеся в обычное время мудрыми и умными, власти не выдержали подлинного испытания для своего ума. Поэту больно осознавать, что трудно найти пути к сердцам людей. Открыть им глаза, повести по пути разума — вот главная мысль поэмы.

В зале экспонируются сказка «Тысяча и одна ночь», «Восточная легенда» И.Тургенева, поэмы Абая «Сказание об Азиме» и «Масгут».

В оформлении зала использован батик, написанный по восточным мотивам, и настенная роспись по мотивам поэм «Сказание об Азиме» и «Масгут».

Поэма «Искандер»

Поэма Абая «Искандер» внесла свежую струю в трактовку традиционной на Востоке темы Александрий.

Образ древнегреческого полководца Александра Македонского вызывал интерес у разных народов. Рядом с реальной биографией полководца подчас складывались и легенды.

В странах Востока к образу Александра Македонского обращались Фирдоуси («Шах-Наме»), Низами («Искандер Наме»), Амир Хосров Дехлеви («Зерцало Искандера»), Джами («Книга мудрости Искандера»), создавшие идеализированный портрет правителя.

Не остались в стороне от этой темы мировой литературы казахский фольклор и литература, в которых преобладает критическое отношение к Искандеру. Тенденция критического отношения к образу Искандера ярко выражена в поэме Абая «Искандер». В поэме нет развернутой биографии Искандера, поэт говорит о нем, как о прославленном завоевателе, человеке алчном, жаждущем покорения всего мира.


Абай показывает бессмысленность завоевания ради завоевания, богатства и развенчивает ненасытность Искандера устами мудрого Аристотеля.

В экспозиции представлены сочинения восточных поэтов: Фирдоуси, Джами, Низами, Навои, написанные на тему Александрий, поэма Абая «Ескендір». В оформлении использованы батик, написанный по древнегреческим мотивам, настенная роспись по сюжету поэмы «Ескендір».

“Тематическая выставка”

Семипалатинск занимает особое место в духовной жизни Казахстана. С Семипалатинском связаны не только имена Абая, Шакарима, Мухтара Ауэзова, но и выдающихся государственных деятелей А.Букейханова, Ж.Аймауытова, М.Дулатова, создавших в 1917 году автономное государство «Алаш». В деятельности правительства Алаш принимали участие Шакарим, Турагул, Мухтар Ауэзов.

Жана-Семейская часть города, где размещалось правительство Алаш, именовалась Алаш.



Абай оқыған кітаптар.
Из круга чтения Абая



“Тақырыптық көрме” залы.
Зал “Тематическая выставка”

Экспонируемая мебель характеризует быт и нравы жителей конца XIX начала XX веков.

В единстве с общим убранством представлены посуда, китайские вазы, украшающие интерьер, а также фотографии, творческие работы художников М.М. Беляева и Н.Г. Егорова, раскрывающие облик старого города.

В этом зале постоянно устраиваются тематические выставки.

“Зал подарков”

В дни празднования 150-летия Абая делегации областей Казахстана, Узбекистана, Турции, казахской диаспоры в Германии преподнесли музею Абая в дар ковры ручной работы, вазы, различные сувениры, макеты мавзолеев Алаша-хана, Жошы-хана в Улутау. В зале представлены дары президентов республик — Казахстан, Кыргызстан, Иран. Центральное место отведено “Книге Памяти”. Она выполнена по специальному заказу в германском городе Нюрнберге издательством «Оверсис Поуст Организейшн». «Книга памяти» произведена по особой технологии, листы ее неподвластны времени. Она состоит из 200 страниц размером 64x85 см, весит 58 кг. Каждый лист отделан серебром.

Первым расписался в «Книге памяти» Президент Республики Казахстан:

«Слова Абая - талисман для казахов. Наследие Абая - самое священное сокровище нашего народа.

Сменяются эпохи, обновится лик земли, но не погаснет никогда неизбывная любовь народа к Абаю. Пройдут годы и века, и откроются новые грани его величия, новые тайны его бессмертного гения. Дух Абая неотделим от родного народа, он навечно горит в его сердце и ведет к новым вершинам, к новым свершениям.

Я убежденно верю в то, что народ, явивший миру такого гения, как Абай, сумеет сохранить и отстоять независимость своей страны, о чем веками мечтали предки, как зеницу ока. Да будет так! Да исполнятся все мечты и чаяния нашего народа, заповеданные великим Абаем!


**Первый Президент Казахстана
Нурсултан Назарбаев».**

“Поэтическое окружение Абая”

«Ученый без последователей — вдовец», — говорил Абай и уделял особое внимание тому, чтобы сгруппировать вокруг себя молодежь, разделявшую его взгляды. Вокруг поэта собралась даровитая молодежь, страстно преданная искусству и литературе. Среди них особо выделяется творчество Ш.Кудайбердиева.

В разделе представлена творческая деятельность Шакарима Кудайбердиева (1858-1931 гг.) — поэта, мыслителя, последователя традиции Абая, наследие которого возвращено народу после долгих лет забвения. Истоками творчества Шакарима являются книги из восточной, русской и европейской литературы. Литературное наследие Шакарима состоит из лирики, поэм, философских трудов, переводов и музыкальных произведений. Ксерокопии документов, газетные материалы свидетельствуют о реабилитации Шакарима и о критическом освоении и обнародовании его произведений. Один из подразделов экспозиции посвящен сыну Шакарима, Ахату Кудайбердиеву, как хранителю и распространителю творчества отца.


В экспозиции достойное место уделено показу творчества и других поэтов-учеников Абая Акылбая Кунанбаева,



**1885 жылы Абай тапсырған ертоқым.
Седло, переданное Абаем в музей в 1885 году**



**“Сыйлықтар залы”.
“Зал подарков”**



1885 жылы Абай тапсырған этнографиялық заттар.
Предметы быта и этнографии, собранные Абаем в 1885 году



“Абай заманы”.
Гобелен. Ш.Кожыханов. “Эпоха Абая”.

Магавьи Кунанбаева, Кокбая Жанатаева, Асета Найманбаева, Турагула Ибрагимова, Уайса Шондыбаева, внука Абая, Аубакира.

“Абаеведение”

Раздел «Абаеведение» посвящен исследованию жизни и творческого наследия Абая.

Первой научной биографией Абая можно назвать некролог, написанный Алиханом Букейхановым, опубликованный в 1905 г. в газете «Семипалатинский листок». Ценным материалом по изучению наследия Абая являются письма братьев Белослюдовых, концертная программа литературного вечера, посвященного 10-летию со дня смерти Абая, проведенного Назипой Кулжановой.

Достойное место в экспозиции раздела занял первый сборник избранных стихов Абая, изданный Какитаем Искаковым в 1909 г. в Петербурге, а также полное собрание сочинений Абая, изданное в Кызыл-Орде, и другие издания.

Весомый вклад в изучение наследия Абая внесли статьи Ахмета Байтурсынова «Қазақтың бас ақыны», Миржакыпа Дулатова «Абай», Ыдырыса Мустанбаева «Поэт Абай и его философия», Султанмахмута Торайгырова «Қазақ тілі», «Өлең кітаптары» и ряд других исследований.

Поэзия представлена в этом разделе стихотворением Магжана Жумабаева «Алтын хаким Абай». Экспонируются первые переводы стихотворений Абая на русский язык, стихи Абая «Лето» и «Кулембаю», напечатанные в 1889 году в газете «Дала уалаяты».

Вторая половина раздела посвящена писателю, академику, лауреату Ленинской премии Мухтару Омархановичу Ауэзову, основателю абаеведения.

Материалы знакомят с процессом изучения Мухтаром Ауэзовым жизни и творчества Абая, начиная с 20-годов. Представлены рукописи глав из романа «Путь Абая», фотографии писателя 20-х, 30-х, 40-х годов, высказывания Ауэзова об Абае, афиша спектакля «Абай» за 1940 год.


«Если путь поэта сливается с путем народа, для него нет смерти», — писал М.О.Ауэзов. Казахский народ помнит неизмеримую заслугу Абая как поэта и мыслителя, поднявшего казахскую литературу до высот подлинного искусства и воздаст должное его памяти.

Об этом свидетельствуют документы и постановления правительства по увековечиванию имени Абая (1940, 1945, 1954, 1961, 1966 гг.), фотографии и газетные материалы празднования юбилеев поэта (95-летия, 125-летия, 150-летия со дня его рождения, 50-летия со дня его смерти).


Отдельный раздел посвящен показу образа Абая в театре, опере и кино.

Турникеты знакомят с потомками Абая и лауреатами Государственной премии им.Абая в области литературы, учрежденной от 21 апреля 1966 года.

М.К. Жунусова - заместитель директора по науке
М.Б. Мухамедова - заведующая научно-исследовательским и экспозиционным отделом



“Зерде кітабы”.
“Книга памяти”



Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы

Жауапты редакторы Т. Ибрагимов
Редакторлары Т. Мәмесейіт, М. Абдрахманова

Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы.
Семей қаласы, Интернациональная көшесі, 29 үй. Телефондар: (3222) 52-17-21, 52-26-31, 52-24-22

Государственный историко-культурный и литературно-мемориальный заповедник-музей Абая.
г.Семипалатинск, ул.Интернациональная, 29. Телефоны: (3222) 52-17-21, 52-26-31, 52-24-22

Теруге 20.09.2005 ж. жіберілді. Басуға 3.10.2005 ж. қол қойылды. Қалыбы 70x100^{1/16}. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі "Таймс".
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 1,62. Есептік баспа табағы 2,8. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 5730.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің Ақпарат және мұрағат комитеті
"Елорда" баспасы, 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.
"Астана полиграфия" акционерлік қоғамы, 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.